

2006 жылғы 6 қазанда Алматы қаласында "KIOGE" мұнай және газ жөніндегі халықаралық конференция шеңберінде Азия ынтымақтастық диалогының Энергетикалық семинарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 5 қазандағы N 288-ө Өкімі

2006 жылғы 2 - 7 қазанда Алматы қаласында қонақ үйде тұруын ескере отырып, 2006 жылғы 6 қазанда "KIOGE" мұнай және газ жөніндегі халықаралық конференция шеңберінде Азия ынтымақтастық диалогының Энергетикалық семинарын (бұдан әрі - семинар) дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Алматы қаласында семинарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен семинарға қатысушылардың қонақ үйде тұруына ақы төлеуге 3998520 (үш миллион тоғыз жүз тоқсан сегіз мың бес жүз жиырма) теңге сомасында қаражат бөлсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр